

№1 хаттама
Қамқоршылық кеңесінің отырысы
М.Дулатұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі

4 қыркүйек 2023 ж.

Кеңестің толық атауы: «М.Дулатұлы атындағы жалпы білім беру мектебі»
Мұзбел ауылы, Ғарышкерлер көшесі, 17

Кеңестің өткізілген орны: М.Дулатұлы ат. ЖББМ, Ғарышкерлер көшесі, 17

Қамқоршылық кеңес мүшелері қатысты:

1. Таттыбаев .А.Э.
2. Бекмагамбетова А.К.
3. Мамбетова Г.А.
4. Артемова О.В.
5. Қордабай А.Ә.
6. Хуанбек Б.
7. Бекеева Г.И.
8. Мадина А.
9. Оралбай Ә.Ә.
10. Самет Ж.

Күн тәртібінде:

1. 2022-2023 оқу жылында атқарылған жұмыстар бойынша мектеп директорының есебін тыңдау;
2. Жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау;

Отырыс барысы:

Бірінші сұрақ бойынша мектеп директоры Исина Дарига Даутовна 2022-2023 оқу жылында атқарылған жұмыстар бойынша баяндама оқыды.

2022-2023 оқу жылында Міржақып Дулатұлы атындағы ЖББ мектебінде 1-11 сынып аралығында 121 оқушы, мектеп алды даярлық сыныпта 11 оқушы болды. Оның ішінде 1-4 сыныптарда 54 бала, 5-9 сыныптарда 58 бала, 10-11 сыныптарда 9 бала. Барлығы 21 сынып болды. Оның ішінде 27 бала көп балалы отбасынан. Мектепте ата-ана қамқорлығынсыз қалған бала, жайсыз отбасынан шыққан балалар жоқ.

Өткен оқу жылында 9-сыныпты 9 бала бітіріп, 2 бала колледжге грантқа оқуға түсті. 11 сыныпты 6 бала бітіріп, оның 5- і ҰБТ-ға қатысты, мектепте ҰБТ бойынша орташа балл 63% құрайды. 11-сынып бітірген 4 оқушы жоғары оқу орнына 2 оқушы грантқа, 2 оқушы жоғары оқу орнына ақылы бөлімге түсті. 2 оқушы колледждің грант бөлімінде оқып жатыр.

1. Қауіпсіздік. Мектепте бала қауіпсіздігі үшін жағдай жасалған. Атап айтқанда мектеп ғимаратының ішінде және ауласында бейнебақылау камералары орнатылған. Сонымен қатар мектепте эвакуациялық кнопка жұмыс істейді және дәлізде мектептің эвакуациялық сызбалары ілінген, мектеп ғимаратында қосалқы есіктер бар. Сынып жетекшілері, пән

мұғалімдері оқушыларды үнемі мектептегі қауіпсіздік техникаларымен таныстырып отырады.

2. Ақпараттық-кеңістік. Мектепте 1 мультимедиялық кабинет бар онда 16 ноутбук және 15 компьютер орнатылған. 4 компьютер интернет желісіне қосылған. Facebook, Instagram, Telegram әлеуметтік желісінде мектептің парақшасы бар, онда үнемі мектепте өткізіліп жатқан іс-шаралар, ата-аналарға қажетті ақпараттар жарияланып отырылады. Сонымен қатар мектепте кітапхана бар. Кітап қоры 8354 дана. Онда әр жастағы балаларға арналған оқулықтар, көркем әдебиеттер, ғылыми еңбектер бар.

3. Білім алушылардың денсаулық жағдайы. Оқушылардың денсаулық жағдайы жақсы, 2022-2023 оқу жылында денсаулығына байланысты сабақты ұзақ уақыт босатқан оқушылар болған жоқ. Мектеп медбикесі оқушылардың санитарлық-гигиеналық жағдайын үнемі қадағалап отырады. Мектеп медбикесі вирустық аурулардың алдын алу мақсатында оқушыларға баяндама оқып, сынып жетекшілері тақырыптық сынып сағаттарын өткізіп отырады.

4. Мектептегі педагог қызметкерлер мен жұмыскерлердің кадрлік құрамы. Мектепте жалпы саны 35 мұғалім жұмыс істейді, оның 30 жоғары білімді, 5 арнаулы орта білімді мұғалімдер. Мұғалімдер үнемі өз білімдерін шыңдап біліктілікті арттыру курстарына барып отырады. Мектептегі жас мамандар үлесі 3% құрайды. Мұғалімдер республикалық, облыстық, аудандық байқауларға қатысып жүлделі орындарды иеленді.

5. Оқу үлгерімі және білім сапасы. Мектептің білім сапасы жылдан жылға артуда, 2022-2023 оқу жылына білім сапасы 67% құрады. Білім сапасы төмен сыныптармен үнемі қосымша жұмыстар жүргізіліп отырылады.

6. «Қамқоршылық кеңес. Мектептің ата-аналармен өзара әрекеттестігі». Мектептің қамқоршылық кеңесінің мүшелері мектеппен бірлесе жұмыс атқарды. Ата-аналарда мектеппен тығыз байланыста болды. Бірлесе жаәспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында рейдтер жүргізіліп, жемқорлықпен күресуге бағытталған «Адалдық сағаттары» өткізілді.

ШЕШІМІ: 2022-2023 оқу жылында атқарылған жұмыс бойынша мектеп директорының есебімен қамқоршылық кеңес мүшелері таныстырылды деп танылсын.

Екінші сұрақ бойынша мектеп директорының Оралбай Ә.Ә. 2023-2024 оқу жылына арналған қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарымен таныстырды. Биылғы оқу жылында жасөспірімдердің арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында ауыл учаскелік инспекторының қатысуымен дөңгелек үстелдер, рейдтер, кездесулер өткізу жоспарланғаны айтылды. Жоспарланған атаулы мерекелерге, сыныптан тыс іс-шараларға қамқоршылық кеңес мүшелерін қатысуға, бірлесе жұмыс істеуге шақырды.

ШЕШІМІ: 2023-2024 оқу жылында мектепте іс-шаралар қамқоршылық кеңес мүшелерімен бірлесе жүргізілсін.

Төраға:
Хатшы:



Таттыбаев А.Ә.
Оралбай Ә.Ә.

1. Таттыбаев А.Ә.
2. Бекмагамбетова А.К.
3. Мамбетова Г.А.
4. Артемова О.В.
5. Қордабай А.Ә.
6. Хуанбек Б.
7. Бекеева Г.И.
8. Мадина А.
9. Оралбай Ә.Ә.
10. Самет Ж.

